

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 115 "2022-2024 жылдарға арналған Төретам кентінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 143 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 115 "2022-2024 жылдарға арналған Төретам кентінің бюджеті туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Төретам кентінің бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 103 231 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 35 246 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 404 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 500 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 66 081 мың теңге;

2) шығындар – 146 500 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -43 269 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 43 269 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 43 269 мың теңге.";

жаңа мазмұндағы 2-1, 2-2, 3-3 тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 784 мың теңгені аудандық бюджетке қайтару ескерілсін.

2-2. 2021 жылы облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 0,8 мың теңгені аудандық бюджетке қайтару ескерілсін.

2-3. 2021 жылы аудандық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 29 847,1 мың теңгені аудандық бюджетке қайтару ескерілсін."

Көрсетілген шешімнің 1 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

Ә.Қошалақов

Қызылорда облысы Қармақшы
аудандық мәслихатының
2022 жылғы "25" наурыздағы
№ 143 шешіміне қосымша
Қызылорда облысы Қармақшы
аудандық мәслихатының
2021 жылғы "23" желтоқсандағы
№ 115 шешіміне 1-қосымша

2022 жылға арналған Төретап кентінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	103231
1			Салықтық түсімдер	35246
	01		Табыс салығы	600
		2	Жеке табыс салығы	600
	04		Меншікке салынатын салықтар	34546
		1	Мүлікке салынатын салықтар	889
		3	Жер салығы	400
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	33257
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	100
		3	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	50
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	50
2			Салықтық емес түсімдер	404
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	404

		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		404
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер		1500
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату		1500
		1	Жерді сату		1500
4			Трансферттердің түсімдері		66081
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		66081
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		66081
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				2. Шығындар	146500
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	67786
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	67786
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	67786
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	67786

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	20993,8
	3			Елді-мекендерді көркейту	20993,8
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20993,8
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13020,8
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2332
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	5641
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	24115
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	24115
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	24115
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	24115
12				Көлік және коммуникация	2973,3
	1			Автомобиль көлігі	2973,3
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент,	2973,3

				ауылдық округ әкімінің аппараты	
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2973,3
15				Трансферттер	30631,9
	1			Трансферттер	30631,9
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30631,9
			044	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаға н (түгел пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	784
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	29847,9
				3. Таза бюджеттік кредит беру	0
				4. Қаржы активтерімен	0

			жасалатын операциялар бойынша сальдо	
			5. Бюджет тапшылығы (- 43269 профициті)	
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (43269 профицитті пайдалану)	
7			Қарыздар түсімдері	0
16			Қарыздарды өтеу	0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	43269
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	43269
6		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	43269